



"Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Шетелдік инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттігі туралы" Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 4 қаңтар N 19. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.05.03. N 555 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Шетелдік инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттігі туралы" Ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Шетелдік инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттігімен бірлесіп бір ай мерзімде Министрлер Кабинетіне жоғарыда аталған Ережені Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің бұрын қабылданған шешімдерімен сәйкестендіру туралы ұсыныстар енгізісін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 4 қаңтардағы
N 19 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі
жанындағы Шетелдік инвестициялар жөніндегі ұлттық
агенттігі туралы

ЕРЕЖЕ

I. Ж а л п ы қ а ғ и д а л а р

1. Қазақстан Республикасының Экономмині жанындағы Шетелдік инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттігі /бұдан әрі - Агенттік/ өз міндетін Экономика министрлігінің өкілеттігі шегінде дербес жүзеге асыратын шетелдік инвестициялар мен кредиттер, шетелдік қаржы мен техникалық көмек саласындағы орталық мемлекеттік басқару және реттеу органы болып табылады.

Ескерту. 1-тармағынан сөз алынып тасталған - ҚРМК-нің
1995.02.07. N 128 қаулысымен.

2. Агенттік өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен басқа да заңдарын, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қабылдаған нормативтік актілерін, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарын, қаулыларын және өкімдерін, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің шешімдерін, көптарапты және екіжақты халықаралық шарттарды, сондай-ақ осы
Е р е ж е н і б а с ш ы л ы қ қ а а л а д ы .

II. Агенттіктің негізгі міндеттері мен функциялары

3. Агенттіктің негізгі міндеттері:

шетелдік инвестициялар мен кредиттерді тарту, тиісті басымдықтары, ынталандырулары мен кепілдіктері бар қазақстандық инвестицияларды шетелде орналастыру жөніндегі мемлекеттік саясатты әзірлеу мен жүзеге асыру;

осы саладағы ұлттық заңдарды шетелдік инвесторлардың сақтауын бақылау;
шетелдік капиталды қатыстыратын кәсіпорындарды мемлекеттік тіркеу және шетелдік инвестицияларды лицензиялау;

олардың қатысуымен шетелдік инвесторлар мен кәсіпорындарға жәрдем
к ө р с е т у ;

Қазақстан Республикасына халықаралық қаржылық және экономикалық ұйымдар /бұдан әрі ХҚЭҰ/, шетелдік мемлекеттер мен басқа да шетелдік жәрдемшілер көрсететін қаржылық және техникалық көмектерді үйлестіру
б о л ы п т а б ы л а д ы .

4. Негізгі міндеттеріне орай Агенттік:

шетелдік кредиттер мен инвестициялардың есебінен қаржыландыруға ұсынылған бағдарламалар мен жобаларды іріктеуді бағалау белгіленген тәртіппен жүргізілген сараптау қорытындысының негізінде мен ұйымдастыруды
ж ү з е г е а с ы р а д ы ;

елдің нақтылы салалары мен аймақтары бойынша нысаналы бағдарламалар жобаларын әзірлеуге қатысады;

минералды ресурстар кен орындарын барлау мен игеру, халық шаруашылық маңызы бар объектілер мен ғимараттарды салу мен қайта жаңарту жөніндегі жұмыстарды жүргізуге құқық беру туралы халықаралық тендерлерді / конкурстарды/ және /немесе/ тікелей келіссөздер өткізуді ұйымдастырады және міндетті түрде қатысады;

тартылған шетелдік кредиттерге мемлекеттік кепілдіктер беруді міндетті түрде келіседі;

осы мақсат үшін орталықтандырылған /бюджеттік/, соның ішінде валюталық ресурстарды пайдаланудың тәртібі мен шарттарын айқындауға қатысады;

шетелдік инвестициялар мен кредиттерді тартуға байланысты мәселелер жөнінде мемлекеттік басқару органдарының, мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекетке жататын бақылау пакеті бар кәсіпорындарының шетелдік және қазақстандық консультанттармен /заңды ұйымдармен жеке адамдармен/ жасасқан контрактыларын міндетті түрде келіседі;

министрліктердің, ведомстволардың, кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің шетелдік техникалық көмекке қажеттігін зерделейді, оны пайдаланудың басым бағыттарын анықтайды; ХҚЭҰ-ны, шетелдік мемлекеттерді, басқа да жәрдемшілерді техникалық көмекке қажеттілік туралы хабардар етеді, олармен техникалық көмекті пайдаланудың нақты бағыттары мен нысандарын келіседі;

министрліктер мен ведомстволардың ХҚЭҰ-мен, шетелдік мемлекеттермен және басқа жәрдемшілермен шетелдік инвестициялар, инвестициялық кредиттер және техникалық көмек мәселелері бойынша өзара іс-қимылдары жөніндегі жұмысын үйлестіреді;

шетелдік жәрдемшілер /халықаралық ұйымдар, мемлекеттер және басқалары/ қаржы ресурстары есебіне берген импортпен сатып алынған тауарлар мен қызметтерді өткізуге көмектесуді жүзеге асырады.

Ескерту. 4-тармақтың екінші абзацында сөздер ауыстырылған - ҚРМК-нің 1994 ж. 8 желтоқсан N 1395 қаулысымен.

Ескерту. 4-тармақтың төртінші абзацынан сөз алынып тасталған - ҚРМК-нің 1995.02.07. N 128 қаулысымен.

III. Агенттіктің өкілеттігі

5. Өзіне жүктелген функцияларды орындау үшін Агенттікке: өз құзыры шегінде министрліктердің, ведомстволардың, жергілікті басқару органдарының, мемлекеттік кәсіпорындардың, ұйымдар мен басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілердің орындауы үшін міндетті болып

табылатын нормативтік құжаттар мен басқа да шешімдерді қабылдауға; министрліктер мен ведомстволардың шетелдік инвестицияларды, инвестициялық кредиттерді және техникалық көмектерді жұмылдыру мен пайдалану мәселелері жөніндегі жұмыстарына әдістемелік басшылық етуді және оларды үйлестіруді жүзеге асыруға, осы қызметтің экономикалық тиімділігіне бақылау жасауға;

министрліктерден, ведомстволардан, жергілікті әкімшіліктерден, кәсіпорындардан, ұйымдар мен мекемелерден инвестициялық жобалар мен бағдарламалар әзірлеу, тиісті сараптаулар мен тендерлер өткізу үшін шетелдік инвестициялар, инвестициялық кредиттер және техникалық көмек мәселелері жөніндегі, ведомстволық актілерді, анықтамалық деректерді қосқанда, қажетті материалдарды сұратуға және алуға;

шетелдік инвестициялар, шетелдік кредиттер және сыртқы көмек саласындағы заңдарды жетілдіру жөніндегі ұсыныстар әзірлеуге және оны Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізуге;

Қазақстан Республикасының шетел мемлекеттерімен, ХҚЭҰ-мен шетелдік инвестициялар, кредиттер, техникалық көмек саласындағы экономикалық ынтымақтастық мәселелерін келісуге қатысуға;

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің тапсыруы бойынша халықаралық деңгейде инвестициялық ынтымақтастық, инвестициялық кредиттер мен сырттан көмек алу саласында республикасының мүддесін білдіруге;

еркін экономикалық аймақтарды және ерекше салықтық, валюталық, кедендік , инвестициялық және өзге режимі бар басқа да аумақтық аймақтарды құру жөніндегі техникалық-экономикалық негіздемелер мен нормативтік құжаттарды міндетті түрде келіседі;

шетелдік инвестициялар мен кредиттерді тарта отырып, жүзеге асырылатын жобалар мен бағдарламаларға белгіленген тәртіппен мемлекеттік сараптау жүргізуді қатысу, сараптау қорытындысын талдау негізінде Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетіне осы жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асырудың тиімді-тиімділігі туралы ұсыныс әзірлеуге;

басым экономикалық бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асыруға қатысушы шетелдік инвесторлар мен кредиттеушілерге, сондай-ақ қазақстандық әріптестеріне қаржылық және өзге де жеңілдіктер мен кепілдіктер беруге қатысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ұсыныстар әзірлеуді жүзеге асыруға;

Агенттіктің құзырына кіретін мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті шешімдерінің орындалуын бақылау мен тексеруді жүзеге асыруға;

Агенттік қызметінің саласына жататын проблемалар бойынша ғылыми зерттеулерді қалыптастыруға және үйлестіруге; контракттылық негізде консультант, кеңесші және сарапшы

ретінде шетелдік және қазақстандық заңды ұйымдар мен жеке адамдарды жалдауға;

республиканың аймақтарында өкілдіктер және басқа мемлекеттерде өкілдер ұстауға;

ақпараттық және өзге де қызмет көрсетуден алған өз қаражатын Агенттіктің материалдық-техникалық базасын қаржыландыру үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Агенттікпен бірлесіп белгілейтін тәртіппен арнаулы мақсаттарға пайдалануға құқық беріледі.

Ескерту. 5-тармақтағы тоғызыншы абзацы жаңа редакцияда -

ҚРМҚ-нің 1994 ж. 8 желтоқсан N 1395 қаулысы бойынша.

Ескерту. 5-тармақтың алтыншы абзацынан сөз алынып тасталған -

ҚРМҚ-нің 1995.02.07. N 128 қаулысымен.

IV. Агенттік қызметін ұйымдастырудың негізгі мәселелері

6. Агенттікті үш орынбасары, оның ішінде бір бірінші орынбасары болатын Төраға басқарады.

Агенттіктің Төрағасы мен оның орынбасарларын Қазақстан Республикасы Экономика министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Төраға орынбасарлары арасындағы міндеттерді бөлуді Агенттіктің Төрағасы ж ү р г і з е д і .

7. Агенттік Төрағасы Агенттікке жүктелген функциялардың орындалуына дербес жауап береді, Төраға орынбасарлары мен Агенттік аппараты құрылымдық бөлімшелері басшыларының жекелеген қызмет бағыттарына басшылығы үшін жауапкершілігінің дәрежесін белгілейді.

8. Агенттікте құрамына 7 адам - Агенттік Төрағасы /алқа төрағасы/ және лауазымы бойынша оның орынбасарлары, Агенттіктің басшы қызметкерлері, жетекші ғалымдар мен мамандар кіретін алқа құрылады.

Агенттік алқасының құрамын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті б е к і т е д і ;

(3 - а б з а ц ы)

Ескерту. 8-тармақтың 3-ші абзацының күші жойылған - ҚРМК-нің
1995.02.07. N 128 қаулысымен.

9. Агенттіктің негізгі құрылымдық бөлімшелері басқармалар болып табылады

10. Агенттік аппараты қызметкерлерінің санын, еңбекке ақы төлеу қорын қосқанда, оларды ұстауға арналған қаражат мөлшерін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді.

11. Агенттік заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, өз атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі, фирмалық белгісі, валюталықты қосқанда банктерде шоттары
б о л а д ы .

Агенттіктің мекен-жайы - Алматы қаласы.